

## **Селден қорғау плотинасына арналған шұғыл құрылыс жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 12 тамыз N 379

Іле Алатауы тауларында сел қаупі төнуінің кенеттен асқынуына, Талғар өзені бассейнінде апатты сел тасқынының пайда болу мүмкіндігіне байланысты және халық пен аймақтарды сел тасқынының қаупінен қорғау жөнінде шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Қазселденқорғау" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан Талғар өзені бассейнінде селден қорғау плотинасына арналған шұғыл құрылыс жұмыстарын жүргізуге 14 /он төрт/ млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлінген қаражатты игерудің тиісті бағдарламасын бекітіп, оның орындалуына қатаң бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр